**«БЕКІТЕМІН»**
**№3 ЖОМ директоры**
**_____ А. Анесий**
**«15» __09__ 2023 ж.**

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 3-ші деңгейі
Коррекциялық- дамыту бағдарламасы

1 Ә сынып І-ші кіші топ

Педагог-логопед: Э.К Меирманова

**Коррекцияық-дамыту бағдарламасы**

Бағдарламаны толтыру уақыты:

| Оқыту кезеңі | Коррекциялық жұмыстың негізгі мақсаттары | Міндеттері |
|---|---|---|
| I-кезең | I. Қоршаған әлем туралы білімін кеңейту. | -Қоршаған әлем, жануарлар әлемі, құстар, өсімдіктер әлемі туралы түсінігін кеңейту;<br>-өзінің тегін, жасын, мекен-жайы туралы толық мәлімет бере білуге үйрету;<br>-жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы білімін толықтыру, жыл мезгілдерін бірізділігімен атап, оларды сипаттап, әңгімелеуге үйрету. |
| | II. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. | -«Апта күндері», «Күн тәртібі», «Қонақта», «Достық», т.с.с. тақырыптар бойынша баланың сөздік қорын толықтырып, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Өтілген тақырыптар бойынша өз ойын толық жеткізе білуге машықтандыру;<br>-қарама-қарсы мағыналы – антоним сөздерді сөйлеу тілінде қолдануды үйрету;<br>-сюжетті суреттер және сериялық сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету;<br>-көптік, жіктік жалғауларды орынды және дұрыс пайдалануға үйрету;<br>-оқылған мәтін бойынша сұрақтарға дұрыс жауап беруге, мазмұнын жеткізуге үйрету. |
| | III. Дұрыс дыбыс айтуын қалыптастыру | Кеміс ысқырық- «с, з», шулы- «ш, ж», сонорлы –«л, р» дыбыстарын қою, ашық, жабық, аралас буындарда бекіту, машықтандыру, сөйлеу тіліне енгізу. |
| | IV. Таным әрекеттерін дамыту. | -ойлау, қабылдау, зейінің дамытуға арналған «Айырмашылығын тап», «Артық затты тап», «Суретшінің қатесін тап», «не жетіспейді» тапсырмаларымен таныстырып, оларды орындауға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | V. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | - Саусақтардың кинестетикалық қозғалысын қалыптастыру, дамыту (саусақ жаттығулары);<br>- ұсақ заттарды саусақпен теруге, моншақ тізуге үйрету;<br>- жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу: жұмыс соңында өз орнын жинастыруға, затарды тиісті орынға қоюға үйрету. |
| | VI. Бейнелеу әрекеті, аппликация дағдысын дамыту. | -акварель бояуларын қолдану, олармен суреттерді бояуға үйрету;<br>- ермексазбен жұмыс (мүсіндеуге, үлгі бойынша пішіндерді жасауға үйрету);<br>- қайшыны дұрыс ұстап, әр түрлі бағытта қағазды киюға, 2-6 бөлікті біріктіріп, аппликация жасауға үйрету. |
| | VII. Оқу дағдысын дамыту. | -әріп, дыбыс таңбасын тануға, атауға үйрету;<br>- әріп, дыбыс таңбаларын ауада, дәптерде жазуға үйрету;<br>- буындап оқу дағдысын дамыту;<br>- оқылған мәтінді мазмұндауға үйрету; |
| | VIII. Жазу техникасын дамыту. | -әріп элементтерін жазуға үйрету;<br>- жазу каллеграфиясын дамыту;<br>- диктант жазу дағдысын дамыту;<br>- қатемен жұмыс орындауға дағдыландыру. |

## Коррекциялық-дамыту бағдарламасы

Бағдарламаны толтыру уақыты :

| Оқыту кезеңі | Коррекциялық жұмыстың негізгі мақсаттары | Міндеттері |
|---|---|---|
| II - кез | **I. Сөйлеу тілінің түсінуін дамыту** | «Бұлбұл, Жарқанат, Қарақұрт», «Аралар», «Мерген», «Таутеке», «Атамекен», «Тұман», «Отаным- алтын бесігім», «Ұлағатты сөздер» т.с.с, әңгімелер арқылы баланың белсенді сөздік қорын кеңейтіп, тіл байлығын дамыту;<br><br>а) мәтінге байланысты сұраққа толық жауап беруге жаттықтыру.<br><br>ә) мәтіннің кейіпкерлеріне толық мінездеме беріп, жақсылық пен жамандықты ажыратуға үйрету.<br><br>б) өз ойын тыңдаушыға жеткізе білуге, сонымен қатар өз ойын жинақтап шығарма жазуға ынталандыру.<br><br>в) ұлағатты сөздер мен мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіре отырып, логоритмикалық жаттығуларды орындау. |
| | **II. Тыныспен жұмыс** | *Дұрыс тілдік тыныс алу мен дауысты дамыту:*<br><br>Физиологиялық дұрыс тыныс алуды қалыптастыру.<br><br>Тыныс шығарудың ұзақтылығы мен тыныс шығарудың бағыттылығын қалыптастыру, /шар, сыбызғы, сабын көпіршігін үрлеу; гүл иіскеу/.<br><br>*Дауыс ырғағымен жұмыс*<br><br>Балаға сөйлеу кезінде дауыс ырғағын өзгертіп, дауысты дыбыстарды созып сөйлеуге жаттықтыру. /дауыстап, сыбырлап, баяу/, ертегінің кейіпкерлеріне қарай дауыс ырғағын өзгертуін қалыптастыру.<br><br>Дауысты дыбыстардың созылуы, дауыссыз дыбыстардың өзіндік ерекшелігі бойынша әуенге салып әндету.<br><br>«Қамажай», «Ұстазым», «Анашым» өлеңдерін орындау. |
| | **III. Аутотренинг** | *Психотерапиялық әдістер*<br><br>*«Ережені ұстану»* |

| | | |
|---|---|---|
| | | Бала қарым-қатынасқа түскенде еркін, асықпай сөйлеуге «Тілеі шоғы», «Мен кіммін», «Байланыстырғыш жіп», «Қоршаған орта және мен», «Қырықаяқ» психожаттығулары және ойын терапиясын қолдану.<br><br>*«Релаксация»*<br><br>Балаға тыныштық күйін сақтап, өзін еркін ұстауға әсем әуен ырғағымен дене бұлшық еттерін босаңсыту.<br><br>*Дидактикалық әдістер*<br><br>✓ Ілесіп сөйлеу<br>✓ Қайталап сөйлеу<br>✓ Таныс суреттер бойынша сұраққа жауап беру<br>✓ Өз бетімен суретті сипаттау<br>✓ Естіген әңгімені айтып беру<br>✓ Өздігінен сөйлеу (таныс емес суреттер бойынша әңгімелеу)<br>✓ Қалыпты сөйлеу (әңгімелеу т.б.) |
| | **IV. Оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру** | *Баланың өзіндік жұмысын ұйымдастыру*<br><br>➢ Оқыған мәтіннің мазмұнын ашып, мәнерлеп айту;<br>➢ Сүйікті әдебиеттер тізімін іріктеу;<br>➢ Қызықты әңгімелерді талдап, талқылау;<br>➢ Өзіндік жұмыстарын жүргізу;<br>➢ Жіберген қателерімен жекелей фонетикалық талдау жүргізу;<br>➢ Оқу техникасымен жұмыстарды жандандыру;<br>➢ Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды орындау. |
| | **V. Тіл байлығын дамыту** | *Сөйлеу құрылымының күрделілігіне байланысты сөйлеуі:*<br><br>«буын», «сөз», «жеңіл сөз тіркесі», «жайылма сөйлем» құрылымдарымен жұмыстарымен жаттықтыру.<br><br>*Сөйлеудің мәнерлілігі мен ырғақтылығына байланысты* логоритмикалық өлеңдер, ырғақты сөйлеу, дауыссыз дыбыстарға сүйенуге жаттығу.<br><br>*Қатынас жағдайына байланысты*<br><br>❖ *Жалғыз;*<br>❖ *Жақын достармен;*<br>❖ *Педагогтармен;*<br>❖ *Аз таныс адамдармен;*<br>❖ *Бөтен танымайтын адамдармен;*<br>❖ *Таныс күнделікті жағдайда дұрыс сөйлеуге жаттықтыру;*<br>❖ *Таныс емес жағдайда сөйлеп жаттықтыру.* |